**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Ақбөбек» балабақшасы
**Топ** «Жұлдыз» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 03-07 қазан 2022 жыл
**Аптасы:** Іапта

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Құрастыру «Машина»**<br>**Мақсаты:**Құрылыс материалдарының негізгі бөліктері мен бөліктерін, түсімен шамасы бойынша ажыратуға үйрету. | **Сенсорика «Көп қабатты үйлер»**<br>**Мақсаты:** Өзінің тұрған қаласы туралы білуге үйрету.Санауға үйрету,көп-аз,тең ұғымымен таныстыру.биік-аласа көлемдерді салыстыру. | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:**Қайырлы таң! Доброе утро! Қалдарың қалай?<br>**Мақсаты:** балалардың көңіл-күйлерін көтеру, балалардың үсті-басына көңіл аудару. Ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін орнату. | **Сөйлеуді дамыту «Біздің отбасы»**<br>Адырбек Сопыбеков<br>**Мақсаты:** Отбасында әрекеттердің атауын айтуды, тілдік қарым-қатынаста, зат есімдерді, қолданып, заттарды (Кім? Не?) және сын есімдерді (Не істейді?) қолданып, сипаттауға үйрету. | **Сенсорика**<br>**«Біздің үй ішіміз»**<br>**Мақсаты:** Қанша-сонша ұғымын ажырату,төртбұрыш,үшбұрыш пішіндерін бақылау,ішінде-сыртында кеңестігін ажырату, көлемдерін бақылау.<br>Сөрелеріне сыртқы киімдерін дұрыс қоюға әдеттендіру. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **Сенсорика «Түсті таңда»**ойыны<br>**Мақсаты:** балалардың назарын аудару арқылы, көңіл күйлерін көтеру.<br>Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету | **«Ойыншықтар дүкені»**<br>**Мақсаты:** Сөйлемді толық құрауға үйрету , ойлау қабілеттерін дамыту .<br>Мамандыққа баулу, яғни дүкенші болуға | **Құрастыру**<br>Үстел -үсті ойыны пазл: **«Үйшік құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Логикалық ойлау қабілетін дамыту. | **Үстел-үсті ойыны:** «Пойыз құрастыр» Балалармен ойыншықтардың түрлерімен таныстырып,қорытындылау. | **Қоршаған ортамен танысу «Туған қалаға саяхат».**<br>**Мақсаты:** Балаларды туған қаламен таныстыру(атауы,көшелер, ғимараттар, ескерткіштер, көрікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын қадағалау. | ынталандыру және сыпайы сөйлеуге үйрету | | | нысандар, балабақша, мектеп, (т.б). суреттер. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Картотека № 6**<br>**«Жапырақтар түседі»**<br>Б.қ. аяқ алшақ, жапырақ төменде;<br>1-3 қолды алға, жоғары, екі жаққа көтере түсіру;<br>4- б.қ.;( жапыраққа қараймыз)<br>Б.қ. қолды алға созу;<br>1-2 оңға ,солға бұрылу;<br>3-4 б.қ. келу; (аяқты орнынан қозғамау)<br>Б.қ. 1-4 алға енкейіп, қол төменде;<br>5-6 б.қ. (тізені бүкпеу)Б.қ.<br>1-2 отыру, жапырақты еденге қою;<br>3-4 тік тұру, қолды белге қою;<br>5-6 отырып, жапырақты алу;Б.қ. 5-6 б.қ. келу; | | | | |
| **Таңғы ас** | **Астарың дәмді болсын!**<br><br>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | **Ойын- жаттығу:**<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | **Бата беру**<br>Астарыңа адалдық берсін!<br>Бастарыңа амандық берсін! | Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br><br>**Көркем сөз**<br>**«Ас – адамның арқауы»**<br>**Мақсаты:**Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу,<br><br>**Ас қайыру**<br>Дастарқаныңа береке берсін!<br>Бастарыңа мереке берсін!<br>Әумин |
| | Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сурет салу**<br>**«Саты»**<br><br>**Мақсаты:** | **Саусақ ойыны**<br>**«Көңілді саусақтар»**<br>Бас бармақ – атам, | **Құрастыру, жапсыру**<br><br>**«Жаяу жүргіншілерге және** | **Мүсіндеу**<br>**«Бау-бақшада»**<br><br>**Мақсаты:** Балаға | **Құрастыру**<br><br>**"Менің үйім"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кeріктің мойнының ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Жануарларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | Балан үйрек - әжем, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Міне, менің барлық отбасым. **Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту. | **машиналарға арналған кең, тар жолдар»** **Мақсаты:** Балаларды жаяу жүргіншілерге арналған кең және тар жолдарды құрылыс материалдарынан құрастыру, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, өзара қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. | жемістер мен көкөністер, олардың пайдасын, күтіп баптауын айту. | **Мақсаты:** Үйдің құрылымы және оның бөлмелері туралы қарапайым түсінік беру. Балалардың жағымды эмоциясын және өз үйі жайында әңгімелеуге ынтасын тудыру |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | Денешынықтыру | Музыка | Денешынықтыру | | Денешынықтыру |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | № 23 **Жәндіктерді бақылау** **Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». | № 24 **Күнді бақылау.** **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **Қимылды ойын:** «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» | № 25 **Дидактикалық ойын «Үлкен кіші таңбасын анықта»** Мақсаты: Балалардың үлкен кіші ұғымдарын молайту. | № 26 **«Жануардың дауысын сал»** **Мақсаты:** дыбыстық жаттығулар арқылы, әріптерді дұрыс айтуға машықтандыру. | № 27 **Еңбек**: «Әдемі гүлдер» **Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. **Қимылдық ойын:** «Орамал тастау». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:** Біздің алаң.<br>**Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау. | Мақсаты:<br>Жылдамдыққа , ептілікке баулу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**«Менің қалам» (тәрбиешінің сұрағы бойынша әңгіме құрау)**<br>**Мақсаты:** Туған қаласы туралы білімдерін жүйелеу және байыту,<br>Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, зат есімдерді жекеше, көпше қолдануға үйрету. | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау.<br>Қолдарын жууға үйрету. | Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету.<br>Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Сапқа тұр»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қатарға, сапқа тұруды көрсету. | Серуеннен келе жатқанда балаларға тақпақтар қайталату.<br>Тіл ұстарту жаттығуларын қайталату. | **«Біз тышқанбыз»**<br>**Мақсаты:** Мысықты оятып алмау үшін, тышқанның жүрісіне салу. Сапта дұрыс жүруге дағдыландыру. |
| **Түскі ас** | **Ас алдында айтылатын тақпақ:**<br>Ас дегенде отырып,<br>Тәрбиешіні тыңдаймыз.<br>Тамақ ішіп болған соң,<br>Орнымызды жинаймыз. | **Көркем сөз «Бата»**<br>Дастарқаныңа береке берсін!<br>Бастарыңа мереке берсін! | **Ас алдында айтылатын тақпақ:**<br>Ас дегенде отырып,<br>Тәрбиешіні тыңдаймыз.<br>Тамақ ішіп болған соң,<br>Орнымызды жинаймыз. | Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) | **Ас қайыру**<br>Асқа байлық,<br>Денге саулық!<br>Әумин! |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Үш аю» ертегі | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Ана мен бала» музыка | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Үйшік» ертегі | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Құлыншағым» музыка | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Мақта қыз бен мысық» ертегі |
| **Біртіндеп ұйқыдан** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ояту,сауықтыру шаралары** | үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). | | | | |
| **Бесін ас** | Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Үстел-үсті театры «Жиһаздар»**<br>**Мақсаты:**Балаларға ойыншықтар туралы түсінік беру.ойын арқылы есте сақтау қабілетін,қарым-қатынас дағдыларын дамыту.Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Күз» (сурет қарастыру)<br>**Мақсаты:** Табиғаатты қорғауға тәрбиелеу. | **Сюжетті-рөлдік ойын:**<br>**«Пойыз»**<br>Мақсаты:балалардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу.Ойынды қызықты,ұйымшыл ойнауға үйрету. Балалабақша ішіне саяхат жасау. | **Сурет бойынша әңгіме құрастыру.**<br>**Мақсаты:** Әңгіме құрастыруды үйрету арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу.<br>**Дидактикалық ойын: «Көжекпен ойнадық»**<br>**Мақсаты:**Балалардың ойлау қабілетін дамыту және жылдамдыққа үйрету. | **Ойын: «Қай сурет тығылды?»**<br>(жақын адамдарының заттарын анықтау);<br>Дидактикалық ойын. «Ойыншықты тап»<br>**Мақсаты:**<br>Ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу. | **«Шалқан» ертегісін балаларға оқып беру.** Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Күз» (сурет қарастыру)<br>**Мақсаты:** Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы: «Қоңырау»**<br>Сыңғырлайды қоңырау,<br>Сыңғыр-сыңғыр етеді.<br>**Мақсаты:**Ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Ерасыл, Алдияр | **Көркем әдебиет**<br>**«Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев**<br>Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру.Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету.Тілеухан мен | **Саусақ жаттығуы: «Қоянның құлағы»**<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>**Мақсаты:**Ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бекарыс, Айназ | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Екі дос» (өлең)<br>Қадыр Мырза Әли<br>**Мақсаты:**<br>Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. | **Саусақ ойыны:**<br>Саусағымда сақина<br>Санап көрші кәнеки<br>1,2,3 Бір, екі үш<br>Демалайық жинап күш.<br>Махмуд, Зере. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Р.Медина | | Айкүміс, Аяла, Малика | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу | | | | |
| **Серуен** | **Сюжетті ойын:** «Балабақша» Балаларды балабақшаға бейімделуін, өз ойларын еркін жеткізуге үйрету. | **Дидактикалық ойын** «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер» | **Дидактикалық ойын** «Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін» | Табиғатқа қалай күтім жасау керек туралы әңгімелесу | **Қоршаған ортамен танысу** **«Табиғат әлемі»** картиналар топтамасынан суреттер қарастыру |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. **«Айсұлу мен Қанат» әңгімелер желісі. Мақсаты:** балабақшадағы іс–әрекетті қорытып, саралауға үйрету. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **«Пішіндерден бейне құрастыру»** Пішіндерді ажырата білуге, пішіні ұқсас заттарды топтай білуге үйрету. | **Құрастыру** **Құрылыс ойындары:** «Көңілді балабақша» Құрылыстардың бір бөлігін басқа бөліктерінен ажыратуға үйрету. | **Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту** **Фотосуреттер қарастыру** «Суретті құрастыр» «Қиылған суреттер» Денсаулықты күту жайлы түсіндіріп кету. | **Саусақ ойыны:«Дені саудың жаны сау»** Денсаулық туралы суреттер немесе фотосуреттер. Денсаулықты күту, адамдардың өзіне қарап жүруі туралы әңгімелеп беру. | **Үстел-үсті ойыны: мозайка** «Үй құрастыр» Балалармен дені саудың жаны сау туралы қорытындылау. |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |